

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 11/2 "2022-2024 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Благовещенка ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2022 жылғы 30 наурыздағы № 13/3 шешімі

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының "2022-2024 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Благовещенка ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 11/2 шешіміне (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде № 163157 жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2022-2024 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Благовещенка ауылдық округінің бюджеті көрсетілген шешімге тиісінше 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2022 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 256 553 мың теңге:

салықтық түсімдер – 8 101 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

трансферттер түсімі – 248 452 мың теңге;

2) шығындар – 256 763,5 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -210,5 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 210,5 мың теңге:

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 210,5 мың теңге.";

мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

"8-1. Ауылдық округ бюджетінің шығыстары 2022 жылғы 1 қаңтарда қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтары және 2021 жылы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) аудандық бюджеттің нысаналы трансферттерін қайтару есебінен осы шешімнің 4-қосымшасына сәйкес қарастырылсын.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес шешім 4-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы шешім 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл ауданы мәслихатының хатшысы

Л. Топорова

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының

2022 жылғы 30 наурыздағы

№ 13/3 шешіміне

1-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының

2021 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 11/2 шешіміне

1-қосымша

2022 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Благовещенка ауылдық округінің бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	256 553
1			Салықтық түсімдер	8 101
	04		Меншікке салынатын салықтар	8 101
		1	Мүлікке салынатын салықтар	371
		3	Жер салығы	168
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	7 562
4			Трансферттер түсімі	248 452
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	248 452
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	248 452
Функциона		Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	(мың теңге)
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	0

Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
	01		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		1	Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-210,5
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	210,5
7			Қарыздар түсімдері	0
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	0
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	0

Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
16			Қарыздарды өтеу	0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0

		056	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	0
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	210,5
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	210,5
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	210,5

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының
2022 жылғы 30 наурыздағы
№ 13/3 шешіміне
2-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының
2021 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 11/2 шешіміне 4-қосымша

2022 жылға арналған ауылдық округ бюджетінің шығыстары 2022 жылғы 1 қаңтарда қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтары және 2021 жылы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) аудандық бюджеттің нысаналы трансферттерін қайтару есебінен

Кірістер:

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	210,5
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	210,5

		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	210,5
Барлығы:				210,5

Шығындар:

Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
12			Көлік және коммуникация	209,4
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	209,4
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	209,4
15			Трансферттер	1,1
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	1,1
		048	Пайдаланылмаған (т о л ы қ пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	1,1
Барлығы:				210,5